

## 1-БЛОК: Адам. Қоғам. Құқық

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. «Өзіңді-өзің таны» нақылын өзінің философиялық ұраны мен басшылық ұстанымы дәрежесіне көтерді  
А) Платон  
В) Пифагор  
С) Сократ  
D) Демокрит  
E) Аристотель
2. Белгілі бір әлеуметтік ортаның өкілін, қоғам мүшесін атайды  
А) жеке адам  
В) сәби  
С) дара тұлға  
D) адам  
E) тұлға
3. Адамды тұлға ретінде анықтайтын ерекшелік  
А) сыртқы ерекшелік  
В) әлеуметтік  
С) дарындылық  
D) мінез-құлық  
E) темперамент
4. Жоғарғы жетістігі және қоғамдық маңыздылығымен ерекшеленетін қабілеттердің жиынтығы  
А) мақсат  
В) қызмет  
С) дарын  
D) жад  
E) зият
5. Адамтану – философияның негізі деп санаған  
А) Сократ  
В) К. Маркс  
С) Демокрит  
D) И. Кант  
E) Ф. Бэкон

6. «Қоғамдық шарт» теориясын қорғаған

А) Ш. Фурье

В) Г. Гегель

С) Т. Мор

Д) Т. Гоббс

Е) А. Смит

7. «Еркіндік-ол танылған қажеттілік» ұғымының авторы

А) К. Маркс

В) Сократ

С) Гегель

Д) Жан-Поль Сартр

Е) И. Кант

8. Б.з.д. VI – V ғ.ғ. дүниеге келген дін

А) будда

В) ислам

С) католик

Д) христиан

Е) протестант

9. Адам туралы теоцентристік теорияның қалыптасқан кезеңі

А) қазіргі заман

В) жаңа заман

С) орта ғасырлар

Д) ежелгі дүние

Е) біздің заманымыздан бұрын

10. Адамды зерттеуді жалпы философиялық мәселелерден бөліп қарауды алғаш ұсынған ғалым

А) М. Шелер

В) Ф. Бэкон

С) К. Маркс

Д) И. Кант

Е) А. Гелен

11. Философиялық көзқарастың негізі

А) адам мәселесі

В) жануарлар дүниесі

С) теоцентризм

Д) табиғат

Е) ғарыш мәселесі

12. Мемлекетті басқаратын адамдардың саны емес, олардың басқару сапасы яғни олардың өз билігін қалай және не үшін пайдаланатыны деп есептеді

- A) Страбон
- B) Фалес
- C) Сократ
- D) Аристотель
- E) Платон

13. «Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін»—деп айтқан грек ойшылы

- A) Гельвеций
- B) Фрейд
- C) Декарт
- D) Кант
- E) Фейербах

14. Дүниетаным түрлерінің бірі

- A) өмірлік-практикалық
- B) аңыздық
- C) теориялық
- D) диалектикалық
- E) материалистік

15. Құранда кездесетін пайғамбар есімі

- A) Ибрахим
- B) Гупта
- C) Авраам
- D) Моисей
- E) Соломон

16. Диктатура дегеніміз

- A) заңға бағыну
- B) бір қолға шексіз биліктің жинақталуы
- C) халықтық билік
- D) басқару жүйесінде саяси партиялардың үлкен рөл атқаруы
- E) мемлекеттің де, үкіметтің де басшысы президент болу

17. Француз тілінен аударғанда institute сөзінің аудармасы

- A) сынып
- B) қоғам
- C) партия
- D) ұйым
- E) мекеме

18. «Өсу сатылары» теориясын ұсынған әлеуметтанушы, экономист
- A) О. Шпенглер
  - B) Парманид
  - C) А. Росту
  - D) А. Тойнби
  - E) Н.И. Данилевский
19. Ш.Уәлиханов айналысқан ғылым саласы
- A) медицина
  - B) психология
  - C) археология
  - D) теология
  - E) философия
20. “Progresus” сөзінің латын тілінен аударғандағы мағынасы
- A) ілгері қозғалу
  - B) төменге жылжу
  - C) кейін қозғалу
  - D) құлдырау
  - E) дамуды тежеу
21. Қазіргі әлемдегі жаһандануға байланысты тенденцияның бірі
- A) халықтардың біркелкі дамуына қол жеткізу
  - B) өркениеттер тоғысуы
  - C) әлемдік мәселелерді шешу қажеттігі
  - D) әлемдік мәдени байланыс
  - E) өзара түсінік пен келісім жолдарын іздестіру
22. Қазіргі заманғы жаһандық проблемалардың адамзат үшін өте қауіпті екенін түсіндіру шараларын өткізу мақсатында 1968 жылы құрылған ұйым
- A) «Мадрид клубы»
  - B) «Париж клубы»
  - C) «Глобализация»
  - D) «Жаһандық проблема»
  - E) «Рим клубы»
23. Постиндустриалдық қоғамда адам қызметінің басты объектісі
- A) сауда
  - B) қол еңбегі
  - C) жер
  - D) ақпарат
  - E) заң

24. Халықтардың шаруашылық, саяси, әлеуметтік өмірін айқындайтын «ұлттық идея» феноменін тұжырымдаған

- A) И.Гердер
- B) Л.Гумилев
- C) Э.Ренан
- D) Ш.Монтескье
- E) Л.Вольтман

25. «Саяси мәдениет» ұғымын алғаш қолданысқа енгізген философ

- A) В.Парето
- B) Г.Алмонд
- C) Геродот
- D) И.Гердер
- E) Аристотель

26. Танымал болуға бұқараға негізсіз уәделер беру арқылы тырысу әрекеті

- A) мобильдік
- B) саяси элита
- C) популизм
- D) субстрат
- E) белсенділік

27. Адамның дүниетанымы, санасының жоғарылығы, өзгелерге сүйіспеншілігінен көрініс беретін ішкі әлемі

- A) руханият
- B) мәдениеттілік
- C) адамгершілік
- D) сана
- E) ой-өріс

28. Этика бөліктерінің саны

- A) 5
- B) 3
- C) 4
- D) 1
- E) 2

29. Азаматтардың саясатқа белсене араласып, саяси талаптар қою арқылы саяси жүйе қызметіне заңды түрде әсер ететін мәдениет түрі

- A) патриархалдық
- B) бірегейлендіру
- C) қатынасу
- D) бағдарлау
- E) бодандық

30. М.Вебер өзі еңбегінде талдаған протестанттық ағымдар

- A) Кальвинизм, пиетизм, методизм, анабаптизм
- B) Несториандық, индуизм, баптизм, адвентизм
- C) Адвентизм, иегова, лютерандық, баптизм
- D) Лютерандық, баптизм, иудаистік, синайлық
- E) Несториандық, лютерандық, иерархиялық, догматизм

31. Әлеуметтанудағы механицизмге үлес қосқан «Әлеуметтік механика очерктері» еңбегінің авторы

- A) В.Ф.Оствальд
- B) А.Барселон
- C) Г.Кэри
- D) М.Вебер
- E) В.Парето

32. Әлеуметтануды қарастырған О.Конттың бес томдық еңбегі

- A) «Позитивті философия курсы»
- B) «Ізгі қала тұрғындары»
- C) «Әдеп мәдениеті»
- D) «Капитал»
- E) «Синергетика»

33. Адамды шаттық сезімге бөлейтін эстетикалық ұғым

- A) күйзеліс
- B) жайсыздық
- C) сұрықсыздық
- D) асқақтық
- E) толықтық

34. Эстетика ілімінің атқаратын қызметтерінің бірі

- A) сұлулықты сезіну
- B) ұлттық сезімді қалыптастыру
- C) гармония
- D) эстетикалық дүниетанымды тәрбиелеу
- E) адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру

35. Мемлекет туралы ілімі «Саясат», «Афиналық полития», «Николгах этикасы» трактаттарында баяндады

- A) Платон
- B) Пифагор
- C) Аристотель
- D) Демокрит
- E) Эпикур

36. Дамыған Батыс елдерінде 1 млн. тұрғынға тиісті элита өкілінің саны
- A) 90
  - B) 10
  - C) 50
  - D) 100
  - E) 80
37. Бір адамның шексіз билігіне негізделетін жүйе
- A) тоталитарлық
  - B) парламенттік
  - C) демократиялық
  - D) республикалық
  - E) авторитарлық
38. Нақты тауарды сатушылар мен сатып алушылардың басын қосатын институт
- A) құн
  - B) нарық
  - C) тауар
  - D) ақша
  - E) баға
39. Экономикада өндірушінің бағасы мен сатып алушының бағасы арасындағы баланс
- A) «өлшем баға»
  - B) «төмен баға»
  - C) «монопольдік емес баға»
  - D) «дұрыс баға»
  - E) «тең салмақты баға»
40. Президентікке сайлану жасына қойылған талап
- A) 20 жас
  - B) 30 жас
  - C) 35 жас
  - D) 40 жас
  - E) 25 жас
41. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданған уақыт
- A) 1995 жыл 23 тамыз
  - B) 1993 жыл 28 қаңтар
  - C) 1990 жыл 25 қазан
  - D) 1991 жыл 16 желтоқсан
  - E) 1995 жыл 30 тамыз

42. Тыйым салу, міндеттеу және жазалауға негізделген жазбаша өкім әдісі
- A) үдемелі
  - B) айрықшалы
  - C) диспозитивті
  - D) санкциялы
  - E) императивті
43. Құқық пен күштің бірлігін кейіптейтін бейне
- A) Инстар
  - B) Телеппин
  - C) Зевс
  - D) Фемида
  - E) Гера
44. Парламент Сенатына қанша жастан сайлана алады
- A) 35 жас
  - B) 30 жас
  - C) 40 жас
  - D) 20 жас
  - E) 25 жас
45. Әкімшілік жазаның түрі
- A) жер аудару
  - B) еңбек ақысын 75%-ға дейін азайту
  - C) сыйақы бергізбеу
  - D) ескерту
  - E) бас бостандығынан айыру
46. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқылы, алайда еріксіз еңбекке жол беріледі –
- A) ҚР Парламентінің өкімімен
  - B) жоқ, ешқандай жағдайда жол берілмейді
  - C) ҚР Президентінің жарлығымен
  - D) еріксіз еңбекке тарту үшін жұмыскерден рұқсат алу қажет
  - E) иә, сот үкімі бойынша, төтенше немесе соғыс жағдайында
47. Негізгі қылмыстық жазаға жатпайды
- A) айыппұл салу
  - B) түзеу жұмыстары
  - C) абақтыда ұстау
  - D) бостандықтан айыру
  - E) мүлкін тәркілеу



48. Адамның өндірісті ұйымдастыру қабілеті

- A) еңбек
- B) кәсіпкерлік
- C) кәсіп
- D) мамандық
- E) кәсібилік

49. Қылмыстық жауапкершілікке 14 жастан тартылады

- A) арақ ішкен үшін
- B) жол тәртібін бұзғаны үшін
- C) қоршаған ортаны ластағаны үшін
- D) тонаушылық жасағаны үшін
- E) есірткіге құмар болғаны үшін

50. Заң жүзінде танылған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік

- A) жаза
- B) аса қажеттілік
- C) қажетті қорғану
- D) әрекетсіздік
- E) қылмыс

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Көшпелілер өркениетінің қалыптасуының басты себебі
- A) басқару жүйесі
  - B) үйлесімді сана
  - C) толеранттылық
  - D) ойлау жүйесі
  - E) жаңалыққа құмарлық
  - F) ру мүдделеріне берілгендік
52. Қоғамдық өмір аясының бірі
- A) материалдық
  - B) аумақтық
  - C) әлеуметтік
  - D) аграрлық
  - E) діни
  - F) экономикалық
53. Отбасының белгілі бір уақыт аралығындағы, көбіне ай мен жыл аралығындағы табыстары мен шығындарының кестелері
- A) сұраныс заңы
  - B) тұтыну бюджеті
  - C) тұтыну несиесі
  - D) мемлекеттік бюджет
  - E) отбасы бюджеті
54. Мемлекеттің монополияға қарсы саясатының негізгі бағыттары
- A) салықты азайту
  - B) салық салу
  - C) бәсекені азайту
  - D) бағаларды тікелей реттеу
  - E) бағаны еркіне жіберу
  - F) табиғи монополияларды қолдау
  - G) бәсекеге тыйым салу
  - H) монополияны қолдау
55. Қазақстан экономикасының ұлттық мүдделерінің бірі
- A) әлеуметтілік саяси тұрақтылық
  - B) халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту
  - C) экономикалық егемендік
  - D) ұлттық мүддені қорғау
  - E) мемлекеттің тәуелсіздігі
  - F) ұлт-аралық татулық

56. Кәсіпкерлікті дамытудың табиғи-демографиялық факторлары

- A) бәсеке деңгейі
- B) сұраныс көлемі
- C) шикізат базасы
- D) жердің сапасы
- E) климаттық жағдайлар

57. Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлері

- A) табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану
- B) табиғи ресурстарды сарқу
- C) қоршаған табиғи ортаны ластау
- D) жерді бүлдіру
- E) тарихи ескерткіштерді бүлдіру
- F) жолдың сапасын жоғалту
- G) қызыл кітапқа енген жануарларды жою
- H) құрылыс объектілерін қирату

58. Неке жасы келесі дәлелді себептер болғанда төмендетіледі

- A) біреуінің психикалық ауруы болса
- B) неке жасына толмағанда
- C) кезегі келгенде
- D) басқа жаққа көшкенде
- E) бір жынысты болса
- F) ортақ бала болғанда
- G) жақын туыстар болса
- H) жүкті болғанда

59. ҚР Парламентінің депутаттары өкілеттік мерзімінде атқаруға тыйым салынады

- A) Ғылыми кеңестің қызметіне мүше болуға
- B) Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға
- C) Коммерциялық топтың басшылық құрамына кіруге
- D) Ғылыми жұмыспен шұғылдануға
- E) Жергілікті өкілді органның депутаты болуға
- F) Ақылы лауазымды қызмет атқаруға
- G) Шығармашылық қызметке тыйым салынады
- H) Сайланған партиясының жұмысына қатысуға

60. Ішкі істер органдарының басты мақсаттары

- A) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету
- B) қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- C) заңдардың орындалуын қадағалау
- D) азаматтық құқықтарды бекіту
- E) заңдық нысандарды куәландыру

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Қайрат ЖОО бітіргеннен кейін бір жарым жылдан кейін мамандығы бойынша жұмысқа қабылданады. Жұмыс беруші заңда көрсетілген шектік бойынша оған сынақ мерзімін белгілейді. Сынақ мерзімі кезінде бастық оны сол бөлімнің меңгерушісіне тағайындайды. Сынақ мерзімінен сәтті өткен Қайрат өзінің сынақта болған уақытының еңбек өтіліне қосылмағанын көреді. Жұмыс беруші бұл жағдайға заң аясында ғана барғанын айтады. Бірнеше күннен кейін Қайрат себепсіз 2 сағаттай уақыт жұмысқа кешігіп келеді. Жұмыс беруші оған ескерту жасайды. 3 сағаттан артық кешіксе заң бойынша еңбек шарты бұзылатынын айтады.

61. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылатын жағдай

- A) Жұмыста жарақат алып, ауырып қалса
- B) Жұмыста себепсіз үш сағаттан артық уақыт болмаса
- C) Бір айдай денсаулығы бойынша емделсе
- D) Қызметкердің мамандығы бойынша дипломы болмаса
- E) Қызметкер түнгі жұмысқа шығудан бас тартса

62. Жоғарыдағы жағдайда жұмыс беруші тарапынан бұзылған заң талабы

- A) Жұмыс берушінің ескерту жасауы
- B) Үш сағаттан артық кешіксе жұмыстан кететінін ескертуі
- C) Сынақ мерзімін белгілеуі
- D) Сынақ мерзімінің еңбек өтіліне қосылмауы
- E) Сынақ мерзімі кезінде қызметінің жоғарылауы

63. Жұмысқа орналасқан кезде жұмыс беруші Қайратқа заң бойынша белгілейтін сынақ мерзімінің шектік мөлшері

- A) 1 ай
- B) 4 ай
- C) 2 ай
- D) 1,5 ай
- E) 3 ай

64. Еңбек шарты сот арқылы жарамсыз деп танылатын жағдай

- A) Сынақ мерзімінен өтпесе
- B) Мүгедек адаммен жасалса
- C) Біліктілігі туралы дипломы болмаса
- D) Әрекетке қабілетсіз деп танылған адаммен жасалса
- E) Ата-анасының келісімімен он алтыға толған адаммен жасалса

65. Жұмысқа орналасқан кезде сынақ мерзімі белгіленбейтін жағдай

A) Тек қана жоғары білімі бар адамдарға

B) Дипломдағы мамандығы бойынша жұмысқа орналасса

C) ЖОО бітіргеннен кейін бір жылдың ішінде мамандығы бойынша орналасса

D) Бірден екі жылға мамандығы бойынша орналасса

E) Екі жерде қатар жұмыс атқаратын адамдарға

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Дәулет пен Серік бірігіп ауылшаруашылық саласында жеке кәсіп ашуды жоспарлайды. Олар өздерінің жинаған қаржысын қосады. Шаруашылықты дамытуда Дәулет дәнді-дақылдар өсіруді арттыруды көздесе, Серік мал азық қорын шығарумен шұғылдануды көздейді. Түрлі идеяларын біріктіруді көздейді. Бірақ екеуінің жоспарына басты кедергі жер сапасының нашарлығы болады. Олар құқықтық, технологиялық, қаржы тарту т.б. мәселелерін шешеді. Делдал арқылы жұмыс күшін де табады.

66. Дәулет пен Серіктің кәсіпкерлікті дамытуға кедергі болатын фактор

- A) Табиғи
- B) Қаржы
- C) Экология
- D) Әлеуметтік-мәдени
- E) Технология

67. Дәулет пен Серіктің ұйымдастыратын коммерциялық кәсіпорнының түрі

- A) Мемлекеттік кәсіпорын
- B) Өндірістік кооператив
- C) Бағалы ақша биржасы
- D) Серіктестік
- E) Қайырымдылық қоры

68. Жұмыс күші мен жұмыс берушілердің арасында делдал қызметін атқарады

- A) Нотариат
- B) Еңбек биржасы
- C) Құқық қорғау органы
- D) Құқық қорғау ұйымы
- E) Кәсіподақ

69. Серік пен Дәулетке қажетті басты табиғи ресурс

- A) Қаржы
- B) Жол
- C) Жер
- D) Құралдар
- E) Ғимарат

70. Шаруашылық серіктестік кемшіліктерінің бірі болып табылатын көрініс
- A) Қаржысының ортақтығы
  - B) Капитал көлемін жоспарламау
  - C) Жердің сапасыздығы
  - D) Түрлі идеяларды басшылыққа алмау
  - E) Басқарудағы әр түрлі көзқарас

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**